

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА
PUBLISHED SINCE 1944

1

АЛМАТЫ
АЛМАТЫ
ALMATY

2017

ҚАҢТАР
ЯНВАРЬ
JANUARY

Б а с р е д а к т о р ы

х. ғ. д., проф., ҚР ҰҒА академигі

М. Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

Абиев Р.Ш. проф. (Ресей)
Абишев М.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Аппель Юрген проф. (Германия)
Баймуқанов Д.А. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Байпақов К.М. проф., академик (Қазақстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Қазақстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Қазақстан)
Велихов Е.П. проф., РҒА академигі (Ресей)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Әзірбайжан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Қалимолдаев М.Н. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан), бас ред. орынбасары
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., корр.-мүшесі (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалықов Ж.У. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Полещук О.Х. проф. (Ресей)
Поняев А.И. проф. (Ресей)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Қазақстан)
Таткеева Г.Г. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Умбетаев И. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Якубова М.М. проф., академик (Тәжікстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.)

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде
01.06.2006 ж. берілген №5551-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2017

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Г л а в н ы й р е д а к т о р
д. х. н., проф. академик НАН РК
М. Ж. Журинов

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я:

Абиев Р.Ш. проф. (Россия)
Абишев М.Е. проф., член-корр. (Казахстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Апель Юрген проф. (Германия)
Баймуканов Д.А. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Байпаков К.М. проф., академик (Казахстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Казахстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Казахстан)
Велихов Е.П. проф., академик РАН (Россия)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Азербайджан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Калимолдаев М.Н. проф., чл.-корр. (Казахстан), зам. гл. ред.
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., чл.-корр. (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалыков Ж.У. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Полещук О.Х. проф. (Россия)
Поняев А.И. проф. (Россия)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Казахстан)
Таткеева Г.Г. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Умбетаев И. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Якубова М.М. проф., академик (Таджикистан)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов
Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2017

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

M. Zh. Zhurinov

E d i t o r i a l b o a r d:

Abiyev R.Sh. prof. (Russia)
Abishev M.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Avramov K.V. prof. (Ukraine)
Appel Jurgen, prof. (Germany)
Baimukanov D.A. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Baipakov K.M. prof., academician (Kazakhstan)
Baitullin I.O. prof., academician (Kazakhstan)
Joseph Banas, prof. (Poland)
Bersimbayev R.I. prof., academician (Kazakhstan)
Velikhov Ye.P. prof., academician of RAS (Russia)
Gashimzade F. prof., academician (Azerbaijan)
Goncharuk V.V. prof., academician (Ukraine)
Davletov A.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Dzhrbashian R.T. prof., academician (Armenia)
Kalimoldayev M.N. prof., corr. member. (Kazakhstan), deputy editor in chief
Laverov N.P. prof., academician of RAS (Russia)
Lupashku F. prof., corr. member. (Moldova)
Mohd Hassan Selamat, prof. (Malaysia)
Myrkhalykov Zh.U. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Nowak Isabella, prof. (Poland)
Ogar N.P. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Poleshchuk O.Kh. prof. (Russia)
Ponyaev A.I. prof. (Russia)
Sagiyani A.S. prof., academician (Armenia)
Satubaldin S.S. prof., academician (Kazakhstan)
Tatkeyeva G.G. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Umbetayev I. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Khripunov G.S. prof. (Ukraine)
Yakubova M.M. prof., academician (Tadjikistan)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2017

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

Dinmukhammed Ametbek¹, Galym Zhussipbek²

¹Expert at ANKASAM Research Center, Ankara, PhD,

²PhD, independent researcher, non-residential research fellow, Rethink Institute, USA

THE ROLE OF THE MATURIDITE UNDERSTANDING OF RELATIONSHIP BETWEEN FAITH AND REASON TO FORM TOLERANT AND PLURALISTIC SOCIETY

Abstract. To form a pluralistic society by the adherents of Islamic teaching became one of the most crucial and, at the same time, sensitive issues in today's world. The authors by analyzing the epistemology of the Maturidi school of kalam, particularly the Maturidite understanding of the relationship between faith and reason attempt to show that properly understood Maturidism lays the foundations of pluralistic society. On the whole, the authors argue that the Maturidi school which is based on 'balanced theological rationalism can be seen as a good intra-Islamic mechanism of reforming the modern Muslims' understanding of Islam and building a pluralistic and human-centric society.

Keywords: pluralism, tolerance, religion, Islam, Maturidi, relationship between faith and reason.

Дінмұхаммед Әметбек¹, Ғалым Жүсіпбек²

¹Сараптамашы, ANKASAM Сараптама орталығы, Анкара, PhD докторы;

²Тәуелсіз зерттеуші, PhD докторы, Rethink институтының сараптамашысы, Вашингтон

ТОЛЕРАНТТЫ ЖӘНЕ ПЛЮРАЛИСТТІК ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МАТУРИДИ ТҮСІНІГІНДЕГІ «ИМАН МЕН АҚЫЛ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТЫҢ» РӨЛІ

Аннотация. Ислам діні өкілдерінің плюралистік және толерантты қоғам қалыптастыру мәселесі қазіргі таңда аса үлкен маңызға ие әрі «нәзік» мәселелердің біреуі болып тұр. Бұл мақалада Матуриди мектебіндегі «иман мен ақыл байланысы» ұғымының плюралистік және толерантты қоғам қалыптастырудағы рөлі зерделенді. Авторлар Матуриди түсінігіндегі аталмыш ұғымның мұсылмандық ортада плюралистік қоғам қалыптастырудың негіздерін қалайтынын дәлелдеуге тырысады. Матуридилердің иман мен ақылдың арасындағы байланысқа көңіл бөлуі, Ислам мен жалпы адамдық құндылықтар арасында тікелей қатынас құруға көмектеседі. Матуридилердің пікірі бойынша, Исламның әмір-тыйымдары мен ақылдың арасында тікелей байланыс бар. Матуриди түсінігі бойынша Ислам дініндегі Алланың бұйрықтарын ақыл жүгірту арқылы ақылға сай екендігін дәлелдеуге, сол секілді, ақылға сыймайтын нәрселердің Исламда орны жоқтығын да дәлелдеуге болады. Матуриди түсінігі қазіргі мұсылмандардың плюралистік қоғам орнатудың ішкі-діни тетігі бола алады деп пайымдауға болады.

Түйін сөздер: плюрализм, толеранттылық, дін, Ислам, Матуриди, ақыл мен иман байланысы.

Қазақстан қоғамының барған сайын діндарланып бара жатқандығын айтуға болады. 90-жылдардың басында «дін не?» деген сұраққа жауап издесе халық, 2000 жылдарда «мәзһап не?» деген сұраққа жауап іздей бастады. Ал 2010-жылдарға келгенде «ақида не?» деген сұрақ күн тәртібіне келді. Бұл үдеріс қоғамның дін мәселесінде қаншалықты тереңдеп бара жатқандығын көрсетеді. Еркін қоғамда, кімнің қандай дін, қандай сенім ұстанатындығы өз ырқында болатындығы белгілі. Дамып жатқан қоғамда бұлардың барлығы қалыпты, заңды нәрселер. Десе де, көпшілікті мазалап отырған сұрақтардың бірі – дін мәселесі тереңдеген сайын, әртүрлі ағымға кіріп алған топтар арасында түсініспеушілік шығады ма деген сұрақ. Бұл айналып келгенде, Ислам дінінің табиғатында

толеранттылық пен плюрализм бар ма деген сұраққа сайып келеді. Бұл мақаламызда осы өзекті мәселеге жауап іздеуге тырысамыз. Атап айтқанда, діндегі толеранттылық пен плюрализм туралы Матуриди ақидасы не айтады екен соған назар аударамыз. Әсіресе, Матуриди ақидасының «иман мен ақыл байланысы» түсінігінің толерантты және плюралисттік қоғам қалыптастыруға қосатын үлесін сараптаймыз.

Толеранттылық және плюрализм дегеніміз не? Тақырыбымызға кіріспей тұрып, алдымен толеранттылық және плюрализм дегеніміз нелер екендігіне тоқтала кетейік. Толеранттылық латынның «толеранция» деген сөзінен келеді [1]. Сөзбесөз мағынасы «шыдау», «төзу», «сабыр ету» дегенді білдіреді. Термин ретінде толеранттылық (ағылшын тіліндегі «tolerance») адамның өзі келіспесе де немесе қолдамаса да, бөтен іс-әрекеттер мен сенімдердің бар болуына, тіршілік етуіне және қолданылуына рұқсат беру дегенді білдіреді [2]. Саяси терминологияда көбінесе «діни толеранттылық» ретінде қолданылады. Олай болғанда, діни толеранттылық дегеніміз әртүрлі діндердің бір-біріне деген құрметі, бір-бірінің шаруаларына араласпаушылығы, бір ортада тату-тәтті өмір сүруі деген мағынаға келеді. Қазақша қарапайым сөзбен жеткізетін болсақ, толеранттылық «кеңпейілдік» дегенге саяды. Толерантты болу деген сөз бөтен дін мен түсініктерге кеңпейілдік таныту, оларға түсіністікпен қарау дегенді білдіреді.

Плюрализмге келетін болсақ, оның түбірі ағылшынша «plural» яғни көпше, көптік дегенді білдіреді. Саяси термин ретінде плюрализм бір қоғамда түрлі пікір мен ұстанымдағы адамдардың бірге өмір сүре алатындығын қабылдау дегенді білдіреді [3, 5]. Қарапайым тілмен айтқанда, плюрализм қазақтың «көпшіл болу» сөзіне жақын келеді. Яғни әртүрлі пікірдегі адамдармен араласа білу дегенге саяды.

Гарвард университетінің профессоры және «Плюрализм жобасының» мүшесі Даяна Эктің тұжырымы бойынша, плюрализм жай ғана алуантүрлілікті қабылдау немесе мойындау емес, көп түрлілікпен араласу, «барыс келіс жасау». Яғни плюралисттік орта немесе қоғам қалыптастыру үшін «өзгелерді» қабылдау және мойындау жеткіліксіз, олармен қоян қолтық араласу керек. Бұның алғышарты көпұлтты және көп конфессиялды әлемде алуантүрлілікті құшақ жая қабылдай отырып, әртүрлі қоғам топтарының бірін-бірі жақсы тани білуі керек [4]. «Идеялық және дүниетанымдық плюрализм» басқа адамдарды өзгешеліктеріне, айырмашылықтарына қарамастан құрметей білуді, оларды танып біліп араласуды қоғамдағы қатынастар моделі ретінде қабылдайды.

Діни плюрализм болса, ең қарапайым тілмен айтқанда бір қоғамда түрлі дін өкілдерінің бейбіт түрде өмір сүруді идея ретінде қабылдай білу мен практикалық деңгейде жүзеге асыруды білдіреді. Жалпы діни плюрализмнің үш деңгейі болады. Бірінші деңгейі діндер/конфессиялар арасы, яғни түрлі дін өкілдерінің өз арасында бейбіт түрде өмір сүруі. Екінші деңгейі ішкі плюрализмді білдіреді, яғни түрлі бір дінде қайсы бір мәселеге байланысты түрлі жорамалдар мен талдаулардың болуын табиғи деп қабылдау. Діни плюрализмнің үшінші деңгейі дінге сенетін және сенбейтін, діни жоралғы жасайтын жасамайтын, тіпті бұны мойындамайтын адамдардың өз арасында бейбіт түрде өмір сүруін білдіреді [5].

Дін дегеніміз плюрализмге бастауы керек. Ал енді негізгі мәселемізге көшетін болсақ, жалпы айтқанда қандай да бір прогрессивті және жасампаз дін немесе сенімнің негізінде басқа діндер мен сенімдерге дұшпандық болмауы керек. Шынтуайтында, Ислам ғұламалары айтып өткендей иман, жалпы дін дегеніміз адаммен Жаратушының арасындағы сырлы байланыс болып табылады. Барлық прогрессивті және жасампаз діндер адамды моральдік тұрғыдан жоғары, үлгілі тұлға болуға шақырады. Сонымен қатар, басқа діни түсініктегі адамдар мен өзге ұлт, нәсіл өкілдеріне де толерантты болуға үндейді. Исламнан мысал беретін болсақ, Алланың 99 атының бірі «Халим» – кеңпейілді, толерантты, басқаларға жұмсақ деген мағынаны білдіреді. Олай болса, мұсылмандар да Алланың сол сипатын негізге алып, басқа дін иелеріне және жалпы басқа адамдарға кеңпейілді болуы керек.

Құранның Хужурат сүресінің 13-аятында былай дейді: «Ей адамдар! Біз сендерді бір еркек пен бір әйелден жараттық. Және бір-бірлеріңмен танысуларың үшін сендерді түрлі ұлттар мен руларға бөлдік. Еш күмән жоқ, сендердің ең абзалдарың ең тақуа болғандарың (Алланың ең көп еске алатындар). Әлбетте Аллаһ барлығын біледі және барлық нәрседен хабардар.» Бұдан басқа Мәйдә сүресінің 48-аятында Аллаһ Тағала былай деп бұйырады: «(Ей үмбеттер!) Сендердің әрқайсыларына бір шарифат және бір жол бердік. Егер Аллаһ қалағанда сендерді бір ғана үмбет жасар еді.

Алайда сендерді сынау үшін осылай (түрлі шариғат пен жол) берді. Олай болса, бір-бірлеріңмен ізгілікте жарысыңдар. Барлықтарың Аллаға қайтасыңдар. Ол келіспеушілікке түскен нәрселеріңнің хабарын береді.»

Бұл екі аяттан түсінетініміз, Алла адамдарды сынау үшін оларды түрлі ұлттар мен діндерге бөлген. Бұл жердегі маңызды нәрсе, Алланың ризалығына жеткізетін жақсы амалдар жасап өзара жарысу. Адамдардың ең артығы – көп жақсылық жасап, Аллаға жақын болған адам.

Қысқасы, жасампаз діннің, діни түсініктің негізінде толеранттылық пен плюрализм болады. Алайда адамзат тарихына қарағанымызда көптеген қақтығыстар мен қантөгістердің негізінде кейбір діни жорамалдардың жатқандығын байқаймыз. Мысалы орта ғасырлардағы крестшілер жорығын немесе Ислам дінінің жайылуы барысындағы кейбір соғыстарды келтіруге болады. Еуропа тарихына қарайтын болсақ, Еуропаның бүгінгі жағдайға келуіне себеп болған ең басты алғышарттардың бірі протестанттар мен католиктердің арасында болған қанды қырғындар десек қателеспейміз. Осы айтылған мысалдарды зерделейтін болсақ, заңды түрде мынадай сұрақ туады: бейбітшілік пен татулыққа, адамгершілік пен ізгілікке шақыратын діндер қалайша қырғын қантөгістердің себебі бола алады?

Жалпы, кезкелген қақтығыстың негізінде дискриминация (өзгені жүйелі түрде алалау, дамуына және құқықтарын пайдалануына жүйелі түрде кедергі болу) мен дегуманизация (өзгені адам қатарынан шығарып тастау, өзгені өзі сияқты адам баласы деп көрмеу, мойындамау) жатады. Дискриминация мен дегуманизация «бізден – бізден емес, біздің топтан – біздің топтан емес, біздің діннен – біздің діннен емес» іспеттес дихотомия негізінде өрбиді. Әсіресе дін мәселесінде адамдар бір ағымға қатып сеніп алғанда, әрқашан өзін «тура жолда» ал қарсыласын «адасқан» деп біледі. Олай болғанда ол «тура жолдағы» адамдар тұрғысынан топтар арасындағы келіспеушілік «ақ пен қараның қақтығысы» ретінде көрінеді.

Қазіргі кезде бұның әсіресе бірнеше ғасырлық интеллектуалды және рухани дағдарыстың зардапарын басынан кешіріп жатқан Ислам әлемі үшін қатысы бар екенін айтуға болады. Өзге дін өкілдеріне деген көзқарас тұрмақ мұсылмандардың өз арасындағы толеранттық пен плюрализмге қатысты көптеген қиындықтардың бар екені байқалады. Мысалы, мұсылмандардың бестен бірі (оның ішінде ең көп көрсеткішпен 44% Мысырда) сопылық жолды ұстанаттындарды мұсылман деп санамайды. Бұндай көзқарастар – Исламның жайылуына өз үлестерін қосқан тасауф (сопылық) ақиқаттарының түсінілуіне кедергі жасары анық. Сонымен қатар, мұсылмандардың төрттен бірі шиіттерді мұсылмандар санатына қоспайды (оның ішінде ең жоғары көрсеткіштердің біреуі, 52% өкінішке орай Мысырда) [6]. Бұл жағдай соңғы жылдары Сүнниттердің басым елдерде (әсіресе Мысырда, Пәкістанда, Алжирде) салафиттік және радикалды тафкириттік түсініктердің тарауынан туындады деп айта аламыз.

Тоқ етерін айтқанда, заманымызда Исламның бейбітшілік және плюралистік рухын дұрыстап ұғынып түсіну керек. Бұл тұрғыда Матуриди түсінігінің (кәләм ғылымының) Исламның кеңпейіл, көпшіл қасиетін түсініп, басқаларға түсіндіру үшін таптырмас эпистемология мен методология болып табылатынын айта аламыз. Ендеше Матуриди түсінігі Исламның толерантты және плюралистік ерекшелігі туралы не айтады соған назар аударайық.

Матуриди түсінігінің плюралистік негізі. Расында, плюралистік және толерантты Ислам діні түсінігін қалыптастыруда Матуриди ғалымдарының тіпті сүнниттік дәстүр шеңберінде басқа хақ ақида мазхабы болып саналатын Әшғари мазхабы ғалымдарынан да ілгері бола алатындығын айта аламыз, әрине бұл Әшғари мазхабы жорамалдарын сынау мақсатымен айтылып тұрған жоқ. Мәселемізге қатысты Матуридилердің ұстанымын үш тақырып төңірегінде қарастыруға болады. Біріншісі – ақыл мен иман байланысының діни плюрализмге әсері, екіншісі – иман мен амал айырымы түсінігінің толерантты орта қалыптастыруға үлесі, үшіншісі – дін мен мемлекет айырымы түсінігінің келіспеушіліктердің алдын алудағы ықпалы. Бұл мақаламызда осы үш тақырыптың біріншісіне тоқталамыз.

Ислам ақылмен үйлеседі. Матуриди ғалымдары діни мәтіндерге түсінік бергенде және өз пәтуаларын шығарғанда, адам ақылына сүйенеді және қоғамдық құбылыстардың мұсылмандардың өміріне ықпалын есепке алады. Әбу Ханифа мен Матуридидің ұстанымдарын ақылға тым көп мән беретін Мутазила түсінігі мен нақылға яғни аят пен хадиске литералдық мағынада және әсіре көңіл бөлетін (және кейіннен Салафия болып қалыптасқан) Әһли-хадис түсінігімен салыстырғанда, Әбу

Ханифа да, Имам Матуриди де ақыл мен нақылды біріктіретін орта жолды ұстанған. Қысқаша айтқанда, Ханафи-Матуриди түсінігін, эпистемологиясын «дәстүрлі сүнниттік түсінік шеңберіндегі Исламдық ортажолды (теңдестірілген) рационалдық (ақыл мен қисынға жол беретін) ұстаным» деп сипаттауға болады [7, 8, 119-135].

Жалпы айтқанда, әл-Матуриди түсінігінің ұстанымы тұрғысынан Жаратушы қандай да бір жиіркенішті және анық зиянды нәрсені жасауды немесе ақылға сыймайтын жаман, дұрыс емес нәрсені ізгі деп мойындауды бұйырады деп тұжырымдау еш қисынға келмейді [9, 458-468]. Осылайша, әл-Матуриди мектебі жақсылық пен жамандықты танудағы ақылдың қабілеті мәселесіне келгенде «Әһл әл-Хадис» пен сәләфизм тұрмақ, Әшғариден де басқа ұстанымды ұстанады [10, 11]. Бір сөзбен айтқанда, әл-Матуриди түсінігінің осы эпистемологиясы мен методологиясына сай, ортағасырлар жағдайында енгізіліп, қазіргі құқықтық және этикалық қалыптарға сай келе алмайтын (мысалы, дүре соғу мен таспен ату сияқты тәнмен жазалау сияқты қылмыстық құқықтың белгілі бір нормалары немесе өзге конфессия өкілдері мен әйелдерді кемсіту сынды нормалар) шариғат нормалары қайта пайымдалып, жаңаша түсіндірілуі тиіс. Бірақ қатаңдығымен сипатталатын сәләфизм мен «Әһл әл-Хадис» мектебінің өзін айтпағанда, исламның сүнниттік бағдарындағы Әшғари мектебі де исламның осындай жаңа, анағұрлым гуманды, адами түсіндірмесінің эпистемологиялық негіздерін бере алмайды (!) Осы айғақтың өзі Әшғари мен әл-Матуриди мектептерінің арасында қомақты айырмашылықтың бар екендігін көрсетеді [11, 12, 51].

Сонымен, Матуриди түсінігінің ең негізгі ерекшеліктерінің бірі – сүнниттік дәстүр шеңберінде яғни Құран мен хадисті жоққа шығарай, ақыл мен иман (сенім) байланысына көңіл бөлуі болып табылады. Имам Матуриди дінді үйренудің екі жолы (ілімнің қайнаркөзі) деп ақыл мен нақылды атап көрсетеді [13]. Ол қайшылық туындаған мәселелерде ақыл мен ой жүгірудің маңыздылығын көрсету мақсатында мынаны айтады: «Адам баласына өзінен басқа жаратылғандарды басқару үшін қабілет берілген. Осы мақсатта қиыншылықтарды жеңіп, сол үшін ақылын қолданып зерттеу жүргізіп, ең тиімді шешімге бару және жақсы мен көркемді таңдап, жаман мен жиіркеніштіден аулақ жүру қабілеті берілген. Ал бұл мәселелерді білу үшін ақылды қолданып, заттар мен оқиғаларды зерттеу керек. Бұдан басқа жол жоқ. Оның үстіне қиын жағдайға тап болғанда, күмәннің жанжағымызды қоршап алған кезінде біздің ақылдан басқа сүйенеріміз жоқ.» [13, 29].

Матуриди ғалымдары ақылға мән беру арқылы жалпыадамзаттық түсініктерге сілтеме жасайды. Бұл дегеніміз ақылы бар әрбір адам Ұлы жаратушы бар екендігін таба алады, табиғаттың небір кереметтеріне қарап, таңырқап, осы кереметті жаратқан Аллаға иман келтіре алады. Осы мәселе туралы Матуридилер мен Әшғарилер арасында маңызды айырмашылық бар. «Имам Матуриди адамның ақылымен Алланың бар және бір екендігін білуі парыз десе, Имам Әшғари парыз емес дейді. Матуриди бойынша діни үгіт-насихат болсын болмасын адам ақылымен Алланы тауып сенуі керек. Мысалы, тау басында өмір сүрген адам біздің сеніміміз бойынша Алланың бар екендігін ақылымен тауып, оған сенуі керек. Бірақ оған дінді ешкім үйретпегендіктен мұндай жағдайда ондай пенде діни міндеттерден жауапқа тартылмайды. Әшғарилер бойынша діни үгіт-насихат жасалмаған жердегі адамдар Алланы ақылымен тауып, оған иман келтіруге міндетті емес.» [14, 44].

Абайдың тілімен айтқанда «Ақылы бар адамға иман парыз, иманы бар адамға ғибадат парыз». Бұл түсінікті Матуридилер Құранның (Бақара сүресі 286-аят) «Аллаһ құлдарына көтере алмайтын жүкті артпайды» аятымен негіздейді. Бұл дегеніміз адамның әлеуеті (потенциалы) Алланы өз ақылымен табуға жеткілікті.

Енді, ақылмен Алланы табу түсінігіне тақырыбымыз тұрғысынан қарағанда, маңызды қорытынды шығарамыз. Әшғари ақидасы Ислам діні аясының сыртында бір Аллаға сенетін иманды адамдардың болу ықтималдығын жоққа шығарса, Матуриди түсінігі Ислам әлемі сыртында да өз ақылымен бір Алланы тапқан, жүрегінде иманы бар адамдардың бар екендігін қабылдайды. Өйткені адам баласының қабілеті оған жетеді.

Бұған қоса, Матуридилердің түсінігі бойынша адам ақылы кейбір жағдайларда (яғни абсолютті мағынада емес) ненің жақсы, ненің жаман екенін өз бетімен біле алады. «Әшғарилер бойынша бір нәрсенің жақсы немесе жаман (хүсн-кубх) екенін ақыл біле алмайды. Бұлардың жақсы немесе жаман екендігін Алланың әмірі мен тыйымдары нәтижесінде анықталады. Матуридилер бойынша жақсы мен жаманды ақылмен білуге жол ашық. Алла бір нәрсенің жақсы болғандығы үшін әмір етіп, жаман болған нәрсеге тыйым салады» [14, 44].

Бұл дегеніміз егер бір адам Исламнан хабардар болмаса да, жақсы мен жаманды өз ақылымен біле алады. Мысалға, адам өлтіруді Ислам діні тыйым салады. Адам өлтірудің жаман нәрсе екендігін Ислам дінінен хабары болмаған адамдар да ақылымен біле алады. Сонда Матуридилердің пікірі бойынша, Исламның әмір-тыйымдары мен ақылдың арасында байланыс бар. Ислам дінінде Алланың бұйырған бұйрықтарын ақыл жүгірту арқылы ақылға сай екендігін дәлелдеу оңай. Сол секілді, ақылға сыймайтын нәрселердің Исламда орны жоқ. Ислам ақылға теріс нәрселерді бұйырмайды. Олай болса, Ислам мен бүкіладамдық ортақ ақыл бір-бірімен сәйкеседі, үйлеседі. Демек, осы негізде мұсылмандар басқа дін иелерімен оп-оңай ортақ тіл таба алады. Ал бұл өз кезегінде плюралисттік орта қалыптастыру үшін өте маңызды алғышарт болып табылады.

Қорытынды. Ислам дінінің толерантты және плюралисттік рухын түсіне білген Матуриди кәләм ғылымы мен оның жемісі іспеттес болып табылатын Матуриди ақидасы өкінішке орай Ислам өркениетінде кең қанат жаймай қалды. Бұның бірнеше себебі бар. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Матуриди түсінігі, кәләм ғылымы мен ақидасы Әшғари кәләмі мен ақидасына қарағанда ақылға, сыни ойлай білуге, ой жүгіруге көбірек көңіл бөледі. Жалпы Ислам әлемінің 13-14 ғасырлардан бастап басынан өткере бастаған ауыр интеллектуалды және рухани дағдарыс Матуриди ғылымына ауыр соққы болып тиді. Сонымен қатар Ислам өркениеті тарихында Ислам әлемінің көп бөлігін қамтыған династиялық монархиялардың биліктің саясаты үшін ақылды алға тартатын, сыни көзқарасқа жат емес Матуриди ілімі қолайсыз болды. Матуридилер аят пен хадистің растығына күмән келтірмесе де, жағдайды жан-жақты пайымдауға тырысады.

Ислам өркениетінде Матуриди ақидасы кенже қалып қойғандықтан, Исламның толерантты және плюралисттік дін екендігін насихаттайтын түсініктің орнына өзінен басқасын жау көретін түсініктердің пайда болып тарауы жеңілдеді. «Исламда зорлық-зомбылық жоқ» яғни күштеп Ислам дініне кіргізу жоқ, «Бір адамды өлтіру бүкіл адамзатты өлтірумен тең» деген аяттар бола тұра, бүгін Ислам атын жамылған топтар бүкіл әлемге үрей шашуда. Шынайы Ислам дінін түсініп, оның кеңпейілділігі мен көпшілдігін ұғыну үшін және басқаларға Исламның шын мәнінде бейбітшілік діні екендігін түсіндіру үшін Матуриди кәләм ғылымы мен ақидасына қайта үңілуіміз керек деп есептейміз. Сонда ғана бүгін Батыстың құндылықтары болып есептелетін ал шынтуайтына келгенде Исламдық құндылықтар болып саналатын әділдік, адам құқықтары, «құқықтық, зайырлы, демократиялық және әлеуметтік мемлекет», толеранттылық пен плюрализм дами түседі.

ӘДЕБИЕТ

- [1] <http://www.etymonline.com/index.php?term=tolerance>
- [2] <http://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/tolerance>
- [3] <http://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/pluralism>
- [4] Eck Diana, What is Pluralism, <http://www.pluralism.org/>
- [5] Bardon A., Birnbaum M., Lee L., Stoeckl K., Roy O., 2015. Religious pluralism : a resource book. European University Institute.
- [6] The World's Muslims: Unity and Diversity, Pew Research Center, August 2012 <http://www.pewforum.org/2012/08/09/the-worlds-muslims-unity-and-diversity-executive-summary/>
- [7] Abdallah Al-Omar, Farouq, 1974, 'The Doctrines of the Maturidite School with Special Reference to As-Sawad Al-A'zam of Al-Hakim As-Samarqandi', PhD Dissertation, University of Edinburgh.
- [8] Dorroll Philip 2016. 'The Universe in Flux: Reconsidering Abu Mansur Al-Maturidi's Metaphysics and Epistemology', Journal of Islamic Studies, 27 (2): 119-135.
- [9] Al-Maturidi, Kitab al-Tauhid, Manuscript Cambridge, // <http://cudl.lib.cam.ac.uk/view/MS-ADD-03651/1>, 458-468
- [10] Deen Adam, 2016, 'A Response to Claims of Unorthodoxy of My Theological claims', Quilliam Foundation, January 13, <http://www.quilliamfoundation.org/blog/a-response-to-claims-of-unorthodoxy-of-my-theological-claims-within-my-reasons-for-joining-the-quilliam-foundation-piece/>
- [11] Ayyub Ali, A. 1961, 'Maturidism', in Sharif, M.M. (ed.), A History of Muslim Philosophy, Lahore.
- [12] Жүсіпбек Ғ., Сатершинов Б. 2016, Ислам және плюрализм: әл-Матуриди идеялары не ұсынады? Философиялық және қоғамдық-гуманитарлық журнал «Адам әлемі», 27.09.2016 № 3 (69), 2016.
- [13] Sönmez Kutlu 'Bilinen ve Bilinmeyen Yönleriyle İmam Maturidi', İmam Maturidi ve Maturidilik: Tarihi Arka Plan, Hayatı, Eserleri, Fikirleri ve Maturidilik Mezhebi, Seçki, Hazırlayan Sönmez Kutlu, Otto, Ankara 4.Baskı, 2012, 29-6.
- [14] Дербісәлі, Әбсаттар, «Имам әл-Матуриди және оның мұрасының мәні мен маңызы», Жұма мінбері, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, Алматы 2012.

REFERENCES

- [1] <http://www.etymonline.com/index.php?term=tolerance>
[2] <http://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/tolerance>
[3] <http://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/pluralism>
[4] Eck, Diana, What is Pluralism, <http://www.pluralism.org/>
[5] Bardon A., Birnbaum M., Lee L., Stoeckl K., Roy O. Religious pluralism: a resource book. European University Institute. 2015.
[6] The World's Muslims: Unity and Diversity, Pew Research Center, August 2012 <http://www.pewforum.org/2012/08/09/the-worlds-muslims-unity-and-diversity-executive-summary/>
[7] Abdallah Al-Omar, Farouq, 1974, 'The Doctrines of the Maturidite School with Special Reference to As-Sawad Al-A'zam of Al-Hakim As-Samarqandi', PhD Dissertation, University of Edinburgh.
[8] Dorroll, Philip 2016. 'The Universe in Flux: Reconsidering Abu Mansur Al-Maturidi's Metaphysics and Epistemology', Journal of Islamic Studies, 27 (2): 119-135.
[9] Al-Maturidi, Kitab al-Tauhid, Manuscript Cambridge, // <http://cudl.lib.cam.ac.uk/view/MS-ADD-03651/1>, 458-468
[10] Deen, Adam, 2016, 'A Response to Claims of Unorthodoxy of My Theological claims', Quilliam Foundation, January 13, <http://www.quilliamfoundation.org/blog/a-response-to-claims-of-unorthodoxy-of-my-theological-claims-within-my-reasons-for-joining-the-quilliam-foundation-piece/>
[11] Ayyub Ali, A. 1961, 'Maturidism', in Sharif, M.M. (ed.), A History of Muslim Philosophy, Lahore.
[12] Zhussipbek, G., Satershinov, B. 2016, Islam jane Pluralism: al-Maturidi idealari ne usynadi? «Adam Alemi», 27.09.2016 № 3 (69), p. 51.
[13] Sönmez Kutlu 'Bilinen ve Bilinmeyen Yönleriyle İmam Maturidi', İmam Maturidi ve Maturidilik: Tarihi Arka Plan, Hayatı, Eserleri, Fikirleri ve Maturidilik Mezhebi, Seçki, Hazırlayan Sönmez Kutlu, Otto, Ankara 4.Baskı, 2012, 29-бет.
[14] Derbisali, Absattar, «İmam al-Maturidi jane onyn murasinin mani men manizi», Juma Minberi, DUMK, Almaty, 2012.

Динмухаммед Аметбек¹, Галым Жусипбек²

¹Эксперт, Аналитический центр ANKASAM, Анкара, доктор PhD,

²PhD, независимый исследователь, Алматы, Казахстан, исследователь Института «Rethink», Вашингтон, США

РОЛЬ МАТУРИДИТСКОГО ПОНИМАНИЯ О СИНТЕЗЕ ВЕРЫ И РАЗУМА В ФОРМИРОВАНИИ ТОЛЕРАНТНОГО И ПЛЮРАЛИСТИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА

Аннотация. Задача формирования плюралистического общества последователями учения Ислама является одной из важных и одновременно деликатных вопросов в современном мире. Авторы через анализ эпистемологии Матуридитской школы каляма, в частности, Матуридитского понимания связи между верой и разумом попытались показать, что правильно понимаемый Матуридизм закладывает основы плюралистического общества. В целом, авторы утверждают, что Матуридитскую школу, основанную на «сбалансированном теологическом рационализме», можно рассматривать как хороший внутриисламский механизм реформирования понимания Ислама современными мусульманами и построения плюралистического и человеко-центричного общества.

Ключевые слова: плюрализм, толерантность, религия, Ислам, Матуриди, связь между верой и разумом.

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, Т. М. Апендиев*
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 24.02.2017.
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
12,4 п.л. Тираж 2000. Заказ 1.